№29
(7974)

18 Шілде
Сейсенбі,
2023 жыл

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады


# ТУҒАН ЖЕР ТӨЛ ПЕРЗЕНТІН ҰЛЫҚТАДЫ

**ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛДЫҚТАР ҚОЯН-ҚОЛТЫҚ ҰРЫСТАН ӘЛЕМНІҢ ЕКІ ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ ҰЛАН МҰҚАШЕВПЕН КЕЗДЕСТІ. ОЙЫЛДЫҢ ТӨЛ ПЕРЗЕНТІ, ҰЛАН АМАНГЕЛДІҰЛЫНА ДЕГЕН ШЕКСІЗ ҚҰРМЕТ ПЕН РИЯСЫЗ КӨҢІЛДІ КЕЗДЕСУ АУДАННЫҢ КІРЕ БЕРІСІНЕН БАСТАЛДЫ. СПОРТ ЖАНАШЫРЛАРЫ ЕЛІМІЗДІҢ КӨК ТУЫН БИІК ТҰҒЫРДАН ЖЕЛБІРЕТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ СПОРТ ШЕБЕРІНЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТІ МЕН АҚ ЖАРМА ТІЛЕГІН «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ҰЛАНДЫ ҰЛЫҚТАУ ШАРАСЫМЕН ҰШТАСТЫРДЫ.**




Онда алғашқы сөз кезегін алған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы әлемнің екі дүркін чемпионын тұғырлы жеңісімен құттықтай отырып, шапан жауып, ат мінгізді.

Келесі ретте жерлестерімен арнайы кездесуге келген Ұлан Мұқашев өз сөзінде «*Менің барлық жеңісім жерлестеріме арналатынын бұған дейін де айтқан едім. Себебі нағыз ер жігіт қандай сапарда, қандай жерде, қандай қызметте жүрсе де туған жерін ұмытпауы тиіс! Керісінше кіндік қаның тамған топырақты ұлықтауы керек.*

*Менің жеткен әр жетістігім осы Ойыл жұртының берген бата-тілегінің жемісі.*

*Сондықтан осылай ұлықтау шарасын өткізіп, шын қуанып жатқан жарқын жүздеріңізді көргеніме қуаныштымын*», - деп ойын тереңнен түйіндеді.

Расында «Ұлық болсаң, кішік бол!», - деп бекерге айтпаған.

Ұландай ерді тудырған киелі топырақтың атымтай, азамат жігіттері ақшалай сый табыстады.

Сонымен қатар жеке кәсіпкер Берік Берекенов жанұясының атынан ақшалай сыйын тарту етсе, село тұрғыны Белял Галиякбаров бір ірі қара малын атады. Одан бөлек, ақсақалдар мен еңбек ардагерлері ақжарма тілектерін жаудырды.

Тілектер легінде шебер спортшы болу бір бөлек, шебер шәкірт дайындайтын ұстаздық жолы тым бөлек екенін жеткізіп, әлемнің екі дүркін чемпионына жерлестері үлкен жанашырлықпен қолдау білдірді.

Айтулы шара соңында еңбек ардагері Тілеген Алданаев осындай Ойылдың ғана емес, Қазақстанның атын асқақтатып, көк байрағын биіктен желбіреткен Ұлан Амангелдіұлына ақ батасын берді.

Жарайсың, Ұлан! Дәл өзіңдей еліміздің атын әлемге танытар шәкірттерің көп болсын...

**Гаухар АЛЕКСЕЕВА,**
**Ойыл селосы.**

# Қ.К.ТОҚАЕВ ЖАҢА ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ:

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ТАРАТҚАНДАР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев "Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері заңына" қол қойды. Билік бұл заң онлайн-платформалар мен онлайн-жарнама жұмысын реттеп, блогерлер мен инфлюенсердің жарнамадан табатын "көлеңкелі пайдасын" ашып, интернеттегі контенттерді реттейді деп санайды.

Заң демеушілік жасалған контенттерді, пабликтер мен олардың модераторларын, инфлюенсерлерді, онлайн-жарнамаларды, таргет жарнамаларды, хабарлама алмасатын мессенджерлерді, желідегі аккаунттарды қадағалайды. Заңға сай, ақпарат және қоғамдық даму министрлігі онлайн-платформаларға мониторинг жүргізеді. Министрлік интернеттегі қандай да бір контент я жарнама заңға сай емес деп тапса, авторына бес күннің ішінде "заң бұзушылықты" жоюды талап етеді. Екінші тарап министрліктің талабымен келіспесе үш күннің ішінде қарсы шағым түсіре алады. Сондай-ақ Қазақстанда 100 мыңнан аса қолданушысы бар желілер (Instagram, Facebook, YouTube, Twitter, Telegram, TikTok, VK) елде ресми өкілін тағайындауы міндетті.

Бұған қоса онлайн-платформалардың интерфейсі мен модерациясына қазақ тілін енгізу қарастырылған. Бұл желілердің алгоритміне контенттерді қазақ тілінде модерация жасауға мүмкіндік береді.

Заң бойынша, Қазақстан билігі "талапқа сай емес" деп тапқан контентті онлайн-платформалар жоюы тиіс.

"Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері заңы" қабылданған соң Тоқаев "Әкімшілік кодекске өзгертулер енгізу туралы" қол қойды. Екі заң бірігіп, интернетте "жалған ақпарат" таратқандарға әкімшілік жаза қарастырады. Интернетте жалған ақпарат таратқан қарапайым қолданушыға 20 АЕК (69 мың теңге), блогер я инфлюенсерге 40 АЕК (138 мың теңге) айыппұл салынады. Қазақстандық құқық қорғаушылар «онлайн-платформа» заң жобасы қоғамдық талқылау өткізбей қабылданғанын сынаған. Олар бұл заң Ресейдегі заңдардан алынды деп алаңдаған. Ал адам құқығы бойынша сарапшылар жалған ақпарат тарату жазасы Азаматтық, Әкімшілік және Қылмыстық кодексте бар екенін, ал жаңа заң артық екенін айтқан.

Құқық қорғаушылар билік "Жалған ақпарат тарату" белсенділерге қарсы қолданады деп жиі сынайды.

Қазақстан билігі елдегі интернет пен әлеуметтік желіні қадағалауда ұстайды. Органдар билік "төтенше жағдай" деп тапқан оқиға кезде елде интернетті толық өшіруге құқығы бар. Бұған қоса, елде әлеуметтік желіде сыни пікірлер айтып, пост жариялағандар да жиі жазаланады.

СЕССИЯ

# МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНЫП, ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

**ӨТКЕН АПТА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ БЕСІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. АЛДЫМЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ, БЮДЖЕТ, ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ САЛА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯСЫНЫҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТКІЗІЛДІ.**



Аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділхановтың «2023-2025 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы есебі тыңдалды. Ал, сессияның күн тәртібінде аудан әкімі Асқар Қазыбаевтың өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі тыңдалды. Аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Мәулен Төремұратов жер заңнамасының сақталуын, жерді қорғау және пайдалану талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі туралы, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің сектор меңгерушісі Бақберген Мұхамбетқали Ойыл ауданындағы дене шынықтыру мен спорттың жағдайы және одан әрі дамыту бойынша шаралар туралы, аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Абат Мүбараковтың ауданда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту, «Ойыл ауданы бойынша 2023-2024 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарын бекіту туралы» баяндамасы тыңдалды. Сонымен қатар аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділхановтың «2023-2025 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы есептері тыңдалды. Одан кейін, сессия барысында аудандық мәслихат депутаттары аудан әкімінің атына депутаттық сауалдарын жолдады. Еркін Жиеналин ауыл шаруашылық саласына инвесторлар тарту, Ойыл ауылының жоғары бөлігіне ауылішілік жолдарын қатқылдандыру жұмыстарының қажеттілігі мен жарықтандыру мәселесі бойынша, Сәкен Займолдин Көптоғай-Сарбие-Қараой бағытындағы елді мекендерінің жолдарының жөнделуі жөнінде өз сауалын жеткізді. Өз кезегінде аудан әкімі берілген тапсырмаларды орындауға бір кісідей жұмыла кірісіп, сапалы әрі нәтижелі жұмыс атқаруға шақырды. Сессияның күн тәртібіне қойылған мәселелер толық қаралып, шешімдер бірауыздан қабылданды.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

# МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ЕЛГЕ ТЕГІН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ!

Республика бойынша 3300 адам мәслихат депутатының мандатына ие. Оларды жергілікті жерде мәслихат төрағасы басқарады. Сайлаушылар санына сәйкес, облыста 30-50 депутат, облыс орталығындағы қалаларда 20-35 депутат, аудандарда 10-20 депутат халыққа тегін қызмет жасайды. Олардың депутаттық жұмыс кабинеті жоқ, қоғамдық негізде қызмет атқарады. Ал барлық деңгейдегі мәслихат аппараты әкімдік мекемесінде орналасқан. Сол жерде депутаттар бас қосып, мәслихат сессиясында шешімдер қабылдайды.

Мәслихат депутаттарының құрамында ардагерлер алқасынан, жастардың атынан, өнерпаздар мен саясаткерлер, журналистер мен коғамдық белсенділер, дәрігерлер мен ұстаздар, мектеп директорлары, әлеуметтік саланың мамандары, арнайы мүгедектігі бар азаматтар, ауылшаруашылық пен өндіріс, өнеркәсіп пен кәсіпкерлік саласының көшбасшылары өз салаларының атынан өзін өзі ұсыну арқылы немесе партиялық тізіммен сайлауға түсіп, депутаттық мандатқа ие болады. Депутат сайланған мерзімнен бастап, қызмет атқарған барлық уақытта өз қаржылары есептерінен көліктеріне жанар-жағармай құйып жиналысқа қатысуға барады. Өз қаражаттары есебіне арнайы сыйлық дайындап, қарттар үйі мен балалар үйіне барады. Көмек сұрап келгендерге қолдау білдіреді, мүмкіндіктеріне қарай демеушілік жасайды. «Депутат болды, ақшаның астында қалды, тендер алды» - деген ұғым қате. Мектеп директоры немесе қарапайым ұстаз бен дәрігердің бизнеске қандай қатысы бар? Мысалы, мүгедектігі бар азамат өзі секілді тағдырдың тауқыметін тартқан азаматтардың құқығын қорғасам деп депутат болады. Жастар жастарға қызмет етсе, ардагерлердің атынан келген депутат тарих беттерін ақтарып, тәрбиелік істерге ұйытқы болады. Депутаттық корпуста айналдырған төрт-бес кәсіпкер депутат бар. Олар керісінше өздерінің тапқан табыстарынан меценат ретінде қайырымдылық жасап, әр түрлі шараларда белсенділік танытады. Жалақы алмаса да қоғам алдында қызмет етуде. Олардың да мақсаты бар. Қоғамда белсенді болу, абыройлы болу, еңбек жолымен жастарға үлгі болу, отбасы мен балаларының, достарының арасында сыйлы болу, өзі өмір сүріп отырған ортаға пайдасын тигізу және өмір жолындағы жетістіктері арқылы сол өңірде өзінен кейін еске алар еңбектерді мұра етіп қалдыру. Осыдан келіп шығатыны, депутаттың барлығы атаққұмар, көп ақшаның иесі деп айтар ойды артта қалдыру керек. Депутат болғанға дейін өз кәсібінің, өз саласының шыңына шыққан жандар. Олардың кез-келген Қазақстан Республикасы азаматтарынан айырмашылығы жоқ. Ешқандай артықшылық та берілмейді. Қайта депутаттық мандат оларға жауапкершілік жүктейді. Тіпті, кейде негізгі кәсібіне, қызметіне қолбайлау болуы да мүмкін. Сондықтан, қоғам үшін жауапкершілікті сезініп, көптің ішінен суырылып шығып, қызмет жасап жүрген депутаттарға алғыстан басқа айтарымыз жоқ!

**Алмат МУСИН,**
**Аудандық мәслихат аппаратының бас маманы.**

## «МАЙТАМДЫКӨЛ – АЛҒАШҚЫ МҰНАЙ ОРНЫ»

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі Көптоғай ауылдық округінде орналасқан «Майтамдыкөл-алғашқы мұнай орны» тақырыбында жер-атаулық деректерді іздестіру, зерттеу жұмысын ұйымдастырды.

Ойыл өңірінде XIX ғасырда аты шыққан Майтамдыкөл тарихи жер атауы Көптоғай ауылдық округінің оңтүстік бағытында 15 км жерде орналасқан. Майтамдыкөл-мұнайлы өлке. Колхоздастыру кезінде және одан кейінгі жылдарда Ойыл ауданының тары суармасы Шығанақтың актарысына қолданылған двигательдеріне пайдаланылған. Ауыл ақсақалдарының айтуы бойынша Тамдыкөлден Шұбарқұдыққа өгіз арбамен 200 литр бөшкемен май тасылған. Ертеден келе жатқан кісі бойы қазылып, айналасы шартақпен қоршалып май қалқып алуға пайдаланылған 7 құдықтың ізі әлі күнге дейін сақталған. Мұнай қоры белгісіз болғандықтан қазіргі таңда мұнай компаниялары келіп зерттеулер жүргізіп жатыр. Бүгінгі таңда көл сулы және терең, үлкен аумақты алып жатыр. Кезінде ел қоныстанған орын болғаны, көне қорымдары сақталып ел аузында қалған мұнайлы алқап екенін музей қызметкерлері анықтап, тың деректер жинай білді. Сонымен қатар Ойыл музейінің ғылыми қызметкері Дулат Исабаев және музей қызметкерлері іздестіру жұмысы аясында Ойыл ауданының оңтүстік-батысында орналасқан «Шоқыбай» бөгеті атауының шығу тарихымен таныса отырып, Көптоғай ауылының оңтүстігіндегі «Аққолқа» көпірінен өтіп, «Көкжар» жәрмеңкесі кезінде тарихта аты қалған Қарасу елді-мекенінің батысында орналасқан Майтамдыкөл тарихи жер атауының Ойыл өңірі үшін маңызы зор екенін ұғынды.



## ДЕПУТАТТЫҢ 100 КҮНІ

2023 жылы 19 наурызда Ойыл аудандық мәслихатына 11 депутат сайланды.

- 4 сессия өткізілді
- 58 шешім қабылданды
- 3 тұрақты комиссия отырысы өткізілді
- 12 қаулы қабылданды



## АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

- Аудандық мәслихат төрағасы 55 жеке қабылдау жасады. 20 қоңырау арқылы өтініш тыңдалды, 3 жазбаша өтініш қабылданды
- 58 мәселенің шешімі бар, 18 мәселе бақылауға алынды

- Аудандық мәслихат депутаттары барлығы 17 жеке қабылдау. 20 қоңырау арқылы өтініш тыңдалды, 9 жазбаша өтініш қабылданды
- 24 мәселенің шешімі бар, 20 мәселе бақылауға алынды

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДАР

6 депутаттық сауал жолданды

- Батпақты өзеніндегі бөгет құрылысы
- Аққемер және Қоңырат елді мекендерінің жолдарының жөнделуі
- Ақжар ауылының ауылішілік жолдарының жөнделуі
- Ойыл ауылының ауылішілік жолдарының жөнделуі
- Ойыл ауылында ойын алаңдарын салу
- Ойыл ауылының жалдамалы-коммуналдық пәтерлерін жаңарту

3 депутаттық сауал қанағаттандырылды

## ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ

- Аудан орталығындағы және ауылдық округтер, елді мекендердегі әлеуметтік нысандар
- Ойыл – Сарбие – Қараой бағытындағы жол құрылысының жұмысы
- Шұбарши, Қарасу елді мекендерінің ауыз сумен қамту жұмыстары
- Екпетал елді мекеніне газ құбырын жүргізу жұмыстары

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



- №7 сайлау округінің депутаты Тілекбай Амиров екі отбасыға «Ауыл аманаты» жобасы аясында 10 және 20 бас саулық қойды табыс етті
- №2 сайлау округінің депутаты Сәкен Займолдин аудандық педогогикалық-психологиялық түзетім кабинетіне, көп балалы, аз қамтылған отбасыларға, ауданның дене шынықтырумен спорттың дамуына қаржылай қолдаулар көрсетті
- «AMANAT» партиясынан сайланған депутаттар 1 маусым - балаларды қорғау күніне орай аудандық педогогикалық-психологиялық түзетім кабинетінің тәрбиеленушілеріне сыйлықтар табыс етті.

## ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ

- Құмжарған елді мекенінің жол құрылысы
- Аудандық аурухана ғимаратына жүргізіліп жатырған күрделі жөндеу жұмыстары
- Қайынды ауылдық округінің жол құрылысы
- Аққемер елді мекенінің жол құрылысы
- Аудан орталығы мен ауылдық округтердің мал молалары, қоқыс полигоны мен зираттар

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ



- №3 сайлау округінің депутаты Ізғарина Жаңгүл «Оразадағы он игі іс» жобасын ұйымдастырды
- №6 сайлау округінің депутаты Ешпанова Назгүл жұма күні тегін нан өнімдерін таратты, 1 отбасыға аз түлікпен көмек берді
- №8 сайлау округінің депутаты Зұлқарнаева Алмагүл 1 отбасыға ақшалай көмек берді

## САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

**2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партисының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың жол картасының орындалуы**

- **Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту жобасы (жоба саны) шеңберінде кәсіпкерлік жобаларды жыл сайын қаржылай қолдау**. 2023 жылға 5 жоба жоспарланды, қазіргі таңда 3 жоба несие алып жоспар (60%) орындалып отыр.
- **Қолданыстағы бос орындарға жыл сайынғы жұмысқа орналастыру.** 2023 жылға жоспар бойынша 1103, қазіргі таңда 297 (26,9%) орындалып отыр.
- **Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жыл сайынғы қысқа мерзімді оқыту (3 айға дейін)** 2023 жылға жоспар бойынша 38, қазіргі таңда 18 (47,4%) орындалып отыр.
- **Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінде тіркелген кәсіпкерлер санының артуы** 2023 жылға жоспар бойынша 15, қазіргі таңда 18 (120%) орындалып отыр.



# ТАС МОНША

## Дәурен Қуат.

Сонда қоян жон құм жоталары сылқым самалға құшағын ашып, аңқылдайтын еді-ау…Тәтті еді ғой ауылымның иісі.

Ертеңінде асықпай ауылды араладым. Өзімнің туып-өскен ауылым. Бірақ ол өзгеріп кеткен сияқты. Тұрпатында бұрткүрлі жаттық бар, жасықтық бар. Шатырсыз, жатаған үйлерді белуардан құм ораған. Тырбиған кәрі қара ағаштар жапырақсыз жабырқап тұр. Туыстарым да бөтен, бөгде жандардың кейпіне енген. Қабақтары салыңқы, иіні түскен: кір-қожалақ. Жүздері желге тотыққан. Мені, әсіресе, олардың настығы кейітті. Адам деген осыншалықты ластыққа бой алдырып жүре бере ме екен?.. Сосын ауыл бастық Әменнің кеңсесіне кіргем. Әмен де әбден кірге батыпты. Тырнағы есектің тұяғындай боп қалыңдап, қатып кеткен. Мен кеңсесіне бас сұғып, тізе бүккенімде Әмен мұрнын шұқып отырған. Сәлемімді мұрнын шұқып отырып алды. Әңгімемді мұрнын шұқып отырып тыңдады. Әңгімесін мұрнын шұқып отырып айтты. Бүгін, шамасы, ауыл бастықтың мұрын тазалығын қолға алған күні болса керек. Талабына тоқтау, тыйым салуға ыңғайсызданды мен да, жүзімді барынша жылытып: «Әбе, — дедім, — кірлеп кетіпсіздер ғой? Анау тас моншаны қалпына келтіріп, жуынбайсыздар ма, тәйір?». Әменнің көзі шарасынан шыға жаздады:

— Жоқ, болмайды!

— Пәлі, неге болмайды?

— Болмайды деген соң – болмайды.

— Неге болмайды деймін?

— Ол моншаның ішін жын жайлаған.

— Қойыңызшы?..

— Рас, жын жайлаған.

Әменмен осылай ырғасып отырғанымызда сырттан шаң-шұң дауыс естілді. Ауыл ағасы елең етіп, суық жымиған:

— Әне, тас моншаның тасын қайта қыздырам деп жүріп жын ұрған қатын да келді.

— Ақжан ба?

— Сол, соның өзі.

Әменнің кеңсесінен қалай жүгіріп шыққанымызды білмеймін, Ақжанды көрдім. Аппақ Ақжан. Осы ауылда тәніне кір жұқтырмаған жалғыз өзі екен. Көйлегі де аппақ. Қоқырайған қожыр қара біреуге әлдененi айтып, ұқтырмақ болып жатыр. Анау ыржың-ыржың етіп, Ақжанды қара көлеңкесімен қалқалай берді. Мен: «Амансыз ба, Ақжан?!» — деп дауыстадым. Ақжан жаныма жедел басып келді де, қолын ұсынды. Сүйрік саусақтары тап-таза. Ерінімді тигізіп, аялай ептім.

— Сіз ауылда екенсіз ғой?

— Ауылдамын. Ауылдан ұзап кете алмадық. Мені мыналар «жын соққан» дейді. Айтшы, мен сап-саумын ғой?

— О не дегеніңіз, Ақжан? Тіпті, ажарланып кетіпсіз. Ақжан күлді. Сосын бетіме бейсаналы түрде қарап тұрып: «Моншаға түсесіз бе?» — деді.

— Түсер едік, тас моншаны тас талқан қылыпты ғой мына жұрт.

— Иә, тас талқан қылды. Соны қайтадан, былай, негып, жасап алу керек.

— Сөйту керек, Ақжан. Үндеме. Қалпына келтіреміз.

Әменнің кеңсесіне қайта оралдым.

— Әбе, расында, тас моншаның тасын қайта қыздырайық та.

— Әуреленбе, шамаң жетпейді.

— Әбеке, керегі ақша ма? Ол менде жетіп-артылады. Ауыл бастықтың сұқ саусағы танауының тесігін үңгіген қалпында қалып, жанарына жылт жүгірді.

— Ақшаң көп пе?

— Жетеді. Мен – қазір бай жазушының бірімін. Ақшамды қайда жұмсарымды білмей, шашып жүр едім, жақсы болды: тас моншаны тастай қылып қатырып берейін. Бастық үңгірдей мұрнының ішіне сұғынған сұқ саусағын суырып алып еді, «олжалы» шықты. Саусақтың ұшында қара қоңыздай қатып бірдеңе тұр. Әмен оны терезенің көзіне ашулана шертіп жіберді де:

— Нақұрыс! – деді. — Сені жұртта қалған бір жындылар мен жылан-дар туралы, есі ауысқан суретші туралы жазды деп естіп едім, құлағыма жаңсақ сөз жетпеген екен, сенің өзің де шалыққа ұшырапсың, бауырым. Шалық шалмаса, тас моншада нең бар? Одан да ол ақшаңды маған бер, мен оны игілікке жаратайын.

— Ал, берейін. Сіз оны қандай игілікке жаратасыз?

— Былай істеймiз. Ерте көктемде елдің қолындағы арық-тұрақ малды сатып аламыз да, күзде семіртіп, екі есе бағасына сатамыз. Табыс шаш етектен. Пайда – «попалам».

— Әбеке, мен малдың сүмесіне қарап сүмеңдеп жүретін бақалшы саудагер емеспін. Тас моншаны бүтіндеп, мына нас басқан ауылды тазартамын. Айтым – бітті, кестім – үзілді. Әмен мені бала кезімнен біледі: мен тегі алған бетінен қайтпайтын жанмын. Біреу «болмайды», «мүмкін емес» десе ерегесіп, егесіп кететінім бар. Сол мінезіме салып, әйгілі құрылыс компаниясының басшысына қоңырау шалдым:

— Мырза, маған құрылыс заттары мен құрылысшылар керек. «Ақысы» дейсіз бе? Алаң болмаңыз, тап қазір менің менеджерім сіздің есеп-шотыңызға қажет соманы аударады.

…Сөйтіп, құрылыс жұмысы басталып кеткен. Бір айдың ширегінде тас моншаның төбесі шатырланып, су құбырлары тартылды, қазандығы орнады. Қабырғасы сыланып, әктелді. Айналасына гүлзар бақ қонды. Қуанышымда шек жоқ. Ақжан болса да мәз. Аппақ жүзіне қызыл арай жүгіріп, шуғының гүлдей құлпырған. Ал кеудесін діріл қақтырып, айналақтап, қасыманан шықпайды. Әйтсе де, бірақ, бізді қостап, қолпаштаған пенде туыстарымның арасынан табылмай-ақ қойғаны… Тас монша биіктеп, жаңарған сайын олар қабақтарын теріске салып жүре берген. Ертең тас моншаның қазандығына от саламыз, Ақжан.

Ымырт үйірілген. Түп-түзу жұмыр балтыры мен тоқ мықынына құп жарасқан джинс-шалбар мен етегі кіндік тұсынан байланған ақ кофта киіп Ақжан келді.

— Қыр асып, қыдырыстап келсек қайтеді, Мәулен?

— Еркіңіз білсін, ханым!

Біз қол ұстасып ұлы құмға бастайтын жалғыз аяқ жолға түстік.

IV

— Қайран балалық-ай, соноу тау бектеріне жаяу-жалпы барып, бүлдірген теріп қайтушы едік қой, — деп мен әңгіме бастадым. Ақжан үнсіз басын изеді. – Біздің өлке керемет қой, Ақжан. Міне – құм, әне – тау. Ал, осы беті жүре берсек, жүре берсек, Балқашқа жетіп шомыламыз.

— Иә, — деді Ақжан, — Балқашқа жетіп шомыламыз. Ұясына қонған Күннің қызыл арай шапағы табанымыздың астына төселіп, құм жалында жайылып жатыр. Ақжан маған жанасып, ырғала басып келеді. Кейде балғын иығы иығыма тиіп кетсе, тұла бойымды тебіренткен қан тасқыны тулап басылады. Мен бір құпияның сырына қаныққым келгенін білдіріп, тағы да сөз бастадым.

— Ақжан, Әменнен тартып бәрі «тас моншаны жын жайлаған деп» неге айтады? Не үшін айтады?

— Соның сырын білмей-ақ қойсаң қайтеді, Мәулен?

— Білуім керек, себебі, ертең моншаға жұрт жиналағанда, тас моншадағы жын — шайтанның өтірік екендігін айтуыма керек.

— Өтірік емес, шын, — деді Ақжан. – Тас моншаның ішінде сайтан бар. Ол – сайтан менің! Айдала, айқай құм. Мен Ақжаннан қорқайын дедім. Әйтсе де, бойымды жиып, сенбеген сыңай таныттым.

— Қой, Ақжан, қайдағыны айтпа!

— Сен ауылдан ерте кетіп қалдың ғой, Мәулен. Білмейсің. Бәлкім, естіген де боларсың. Осы ауылдың жігіттері менің абыройымды төгіп, қорлады. Түнде түзге шыққам. Аңдып тұрған сұмдар талдыра ұрып, ауылдың сыртына апарып білгендерін қылған. Есімді кезекті біреуінің астында өзіліп жатып жидым. Көзімді таңып тастапты. Көзімді таңған қалпы тастап кетті. Содан жаман атым елге жайылды. Қайтейін, құ жанымды қия алмайды екенсің, кірмегенім қара жер, қалт-құлт етіп жүре бергенмін. Әкем ертерек дүние салған. Соңынан шешем де қайтты. Жалғыз бауырым намыстан өртенді де, қолын тас төбесіне қойып, жанымнан безді. Қазір оның қайда жүргенін де білмеймін. Сондай өлі мен тірінің арасындағы халіме жаны ашыған жақыным – Әмен болған. «Әмен аға» деуші едім. Әмен расымен аға болды. Отын суымды түсіріп беріп, жағдайыма кәдімгідей қарайласатын. Бір күні түнде қызу, қолында жартылай ішілген арағы бар, теңселіп келіп тұр. Содан не керек, Әмен әу баста бекіген ойына жетіп тынды. Сол күннен бастап Әмен ағам «әмеңгерім» болып алды. Менде оған қарсы тұрар дәрмен, күш те қалмаған екен: ырқына бағынып, ыңғайына көне бердім. Ақыры құрсағыма бала бітті. Баланың жайын айтып бір күні Әменнің кеңсесіне соқтым. «Әмен, — дедім бірден, — құрсағымда құлының бар, оны қайтесің?». Әмен шалқасынан түсті: «Салдақы, — деді түтігіп, — қай еркектің белінен жұққан қан екенін сен қайдан білесің, мен қайдан білемін? Бала менікі болмайды. Аулақ жүр. Қараңды батыр. Жолама маған!». «Әмен, — дедім мен тағы да, — осылай ат тонынды ала қашарыңды біліп едім. Қорыққа, отбасыңа, отаныңа қол сұқпаймын, араласпаймын. Міндет те қылмаймын. Тек ескертейін деп келіп едім». Айтарымды айтып кете барғанмын. Бірақ, алақандай ауыл ішінде сөз жата ма, аз-кем уақыттың ішінде гу-гу сөз тарады. «Е-е, мейлі». Арада төрт-бес ай өтіп, аяғым кәдімгідей ауырлап қалған. Әдеттегідей бір күні түнде Әмен келді де, ай-шайға қаратпай мені тас моншаның ішіне апарып тепкіге салды. Есімнен тандыра сойды. Ол кезде тас монша бүтін, есіктің сыртынан Әбен бұрау салып, тарс бекітіп кеткен екен, айқайымды, ойбай-аттанымды ешкім естімеді. Естісе де, елең қылмады. Сөйтіп мен тас моншаның қараңғы қапасында қалдым. Түнде Әмен тамақ әкеп берген боладзы. Мен оның аяғын құшып зар илеймін, «босатшы, ағатай, күнің болып, табаныңды жалап өтейін, босатшы» деймін зар еңіреп. Әмен жібімеді. Сорлы-ай, сонша кімнен қорқып, кімнен имені екен? Әйтеуір, мені ел көзіне көрсетпей, жасырып бақты.

— Ауыл халқы қайда қарап отырған? Сені іздемеген бе еш пенде? Ақжан-ау, менің ауылыма не болған? – дедім ышқынып.

— Сенің ауылың жоқ, Мәулен, қайдағы ауылды айтасың? Бұл ауылдағы жұрттың тәнін настық, рухын әбілет басқан.

Абдырап не айтарымды, Ақжанды қайтіп жұбатарымды білмей, қаладағы моншада естіген әңгімемді баяндай беріппін. Ақжан күрсінді.

— Сол жетім лақты асырап баққан жыртқыштың жүрегіндегі мейірім ауылдағы бір ағайынның бойынан табылмаған соң қайтесің? – деді ол содан соң.

— Тас моншаны құртқан Әмен болды ғой, шамасы?

— Иә, шатырын алып қорасының төбесін жапты, қазандығын үйіне қойды. Ал мен сорлы баланы өлі туып, шаранаы тас еденге тапсырдым. Міне, содан бері тас монша – менің мекенім. Кірлеген тәнім мен азған жанымды тазартқым келіп, әр сенбі сайын түнде барамын, тас ошаққа от жағып, қазан асамын да, суды жылтпалап, жуынып қайтамын. Менің осы ісімнен жұрт жаман шошиды. Әмен де отқа май құйып: «Тас моншада жын, шайтан бар. Ақжан – Ібіліске жанын сатқан адам», — деп қауесет таратып жіберіпті. Осыны айтып бола бере Ақжан:

— Мәулен! – деп шар ете қалды, — ананы қарашы, өрт, ауылдан қалың өрт шығып жатыр!

Біз ауылға жанұшырып жеткенде, жабдықталып, жаңарып, сыңғырлап тұрған тас монша түгел өртеніп, қабырғалары ғана жалын қауып қалыпты. Әмен бастаған топ қасымызадан қарқ-қарқ күліп өте шықты. Ертеңінде күн сенбі еді. Ақжан мені танымай қалды. Нарұлан айтты:

— Бүгін түнде тас моншаңа бара ғой, қызықты көресің. Түн. Ауыл үстін күйік басқан. Бүйірін қойып көтерген қазаны бар Ақжан тас моншаға келіп кірді. Мен үнсіз қараңғы бұрышта тұра бердім. Ақжан иығындағы қазанды тас еденге қойды. Моншаның тап ортасына тастан қалап ошақ жасады. Ошаққа қара қазанды асып, су құйды. Астына от тұтатты. От қазанның түбін жалап, жана бастаған. Отқа қарап, мойыл көзі тұнжырап Ақжан отыр. Мұңлы, жүдеу Ай тас моншаның төбесіне келіп, сапарын іріккен. Ақжан шешінді. Аппақ тәні жарқырай сылаң қағып, көзді арбайды. Енді бір сәтте ол тың тыңдағандай тосылып тұрды да:

— Мәуле-е-ен, — деді мақпал үнін созып — кел бері, ұялма. Сені де шомылдырайын, бөлтірігім. Жүрегім атқақтай соғып қасына таядым. Екеуміз айқаласа кеттік. Жоқ, сен жыны емессің, Ақжан! Мұнда жын да, Ібіліс те жоқ, тек сен барсың, Ақжан. Ақжаным менің! Ентік басып, тоят тапқан сәттен ес жия бергенімізде Ақжан:

— Қош бол, бөлтірігім, арланым, — деді, — бұл менің жер бетіндегі ақырғы түнім. Сені көрдім, қауыштым. Тағдырыма ризамын. Ол менің құшағымнан сытылып шығып, төрт сатылы сәкінің ең биігіне көтерілді. Сосын, Ай нұрына шомылып ұзақ тұрды да, ақ қанатты періштеге айналып, Құс жолына сіңіп, кете барды.

ADEBIPORTAL.KZ

Соңы. Басы өткен санда.

## МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ НАУҚАНЫНДА

### ЖӘНЕ АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТКЕ ЖОЛ БЕРМЕЙІК!

Қоғамдық мал басын өсіру, одан алынатын өнімдерді арттыру ең бірінші шаруашылықтың жоғары сапалы жем-шөппен қамтамасыз етілуіне байланысты.

Мал азығын дайындау кезінде ысырапқа жол бермеудің үлкен маңызы бар. Сондықтан, мал азығын дайындау кезінде өрт қауіпсіздігін шараларын қатаң сақтау керек екендігін естен шығармаймыз. Атап айтқанда олар мыналар:

– жұмылдырылатын техникаларды жарақты өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету, ірі жемшөптерді тасымалдауға арналған көлік құралдары екі ұнтақты өрт сөндіргішпен қосымша жабдықтау;

– агрегатта және оның, айналасында темекі тартуға тыйым салу, темекі тарту үшін арнайы орын бөлу;

– тракторлар мен автомобильдердің ұшқын сөндіргіштермен және өрт сөндіргіштермен жабдықталуы;

– электр-газ дәнекерлегішін қолдана отырып, жөндеу жұмыстарын арнаулы орындарда жүргізу;

- ірі жемшөптерді жинау биіктігі жер деңгейінен 4 метрден аспайтындай етіп орындау;

- Ірі жемшөптерді тасымалдау арнайы жабдықталған көлік құралымен жүзеге асырылады, олардың пайдаланылған құбырлары радиатордың астына шығарылады және ұшқын сөндіргіштермен жабдықталады;

- Тұрғын үйлердің қожалық учаскелерінде ірі жемшөптерді жинау ғимараттарға және аула алдындағы құрылыстарға дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындау. Көрсетілген қашықтықта ірі жемшөптерді жинау мүмкін болмаған кезде, жинау орнын кемінде 500 литр суы бар қосымша ыдыспен қамтамасыз еткен жағдайда қашықтық 5 метрге дейін қысқартылады.

**Мыналарға:**

1) қоралар мен басқа да шаруашылық құрылыстардың шатырларына;

2) электр жеткізу желілерінің астына;

3) учаскенің сыртқы қоршауынан кемінде 3 метр қашықтықта шөп шошақтарын, шөмелелерді, ірі жем-шөп маяларын, өзге де жанғыш заттар мен материалдардың жинауға жол берілмейді.

Бұл ережелер мал азығын дайындауға ат салысып жүрген әрбір қожалық мүшелерімен жұмысшыларға таныстырылып, оны қатаң сақтауды бақылау әрбір қожалық иелерінің міндеті. Сондықтан да дайындалған мал азығын дайындау, тасымалдау кезінде өрт қауіпінен сақтану мақсатында барлық өрт қауіпсіздік ережелерімен талаптарды қатаң сақтау қажет. Әрине, әңгіме арқауы осы байлық көздерін кездейсоқ оқиғалардың бірі – өрт қаупінен сақтау баршамыздың ортақ міндетіміз болуға тиіс. Осыған байланысты барлық жерде мал азығын дайындаумен қатар оны өрттен сақтаудың барлық шараларын қолдану қажет. Сонымен қатар, өрт қауіпсіздігіне қойылатын ережелермен талаптарды орындамау ҚР ӘҚБтК-ы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылтандықты ескертеміз. Сонымен қатар автокөліктері өрт қауіпсіздігі жөнінде айта кетуді де жөн көрдік. Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электрсымдарының қысқа тұйықталуынан, ТҚС-да тұрған автокөліктерге жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде өрт-техникалық қауіпсіздігін сақтамаудан пайда болады. Сонымен қатар, автокөлік ішінде шылым шегуден де өрт оқиғалары жиі пайда болады. ТЖ саласының мамандары автокөлікте өрт пайда болған жағдайда не істеу керек екеніне назар аудартып, көлік иелеріне арналған мынадай сақтық ережелерін ұсынады.

Құрметті автокөлік иелері:

- Автокөліктеріңізді дер кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс;

-Үнемі оның дұрыс екенін қадағалаңыз, әсіресе электрсымдарға баса назар аударыңыз;

- Өзіңізбен бірге әрқашанда өрт сөндіргіш құрал болсын, оны қолжетімді жерде ұстаңыз;

- Тәжірибе көрсеткендей өрт сөндіру кезінде автокөлігіңізге көмір қышқылды өрт сөндіргіш пайдаланған тиімді.

Есіңізде болсын! Өрт туындаған жағдайда салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөлімін «101» немесе «112» телефон нөмірі бойынша шақыртып (қоңырау шалу ақысыз), маңдай термен келген еңбектеріңіз еш кетпес үшін қажетті шараларды қолданыңыз.

**Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі**

## ҚАЗБЕК НҰРЫМГЕРЕЙҰЛЫ

Осы жылдың 11 шілдесі күні Ойыл өңірінің ардақты ақсақалы Қазбек Нұрымгерейұлы 83 жасқа толғанда кенеттен дүниеден озды.

Ол 1940 жылдың 11 шілде күні Сарбие ауылында дүниеге келген. Сарбие ауылында орта мектептен сегіз жылдық білім алып, кейіннен 10 класты Ойыл селосында аяқтаған. Кейіннен Қазалы ауыл шаруашылық техникумын бітірген. 2 жыл Сарбие ауылында агроном болып жұмыс жасаған. 1963-1969 жылдары Ақтөбе медицина институтында оқып, «Емдеу ісі» мамандығын тәмамдаған. Туған жеріне келіп, Ойыл аудандық аурухананда терапевт дәрігері болып жұмысқа орналасқан. 1971 жылдан бастап, «Дәрігер рентгенолог» мамандығы бойынша қызмет атқарып, 1990 жылы зейнеткерлікке шыққан.

Әріптестері білікті де жаңашыл маман, «уақыттан озық» жүретін жан ретінде бағалап, үлгі тұтып, ғұмырының куәсі болғандар оны ардақты әке, ақсақал ретінде жақсы біледі.

Аудандық аурухана ұжымы мен салалық кәсіподақ ұйымы аудандық денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы қызмет атқарып, өміне елеулі еңбегі сіңген ел ағасын қимастықпен еске алып, ағайын-туысқандарына, отбасына қайғырып көңіл айтады. Қазбек Нұрымгерейұлының «Жаны жәнатта болып, жаратқанның шапағатына бөленіп, нұры пейіштің төрінде шалқысын»,- деп тілейміз!

**Аудандық аурухана ұжымы мен салалық кәсіподақ ұйымы**

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі ұжымы Қазыбаевтар және Жоламановтар әулеттеріне қимас бауыр, ардақты әке, адал жар болған Ойыл жерінің ардақты азаматы

**Ғабит Қайырғалиұлының**

кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің орынбасары Жоламанова Шамшырақ Сәдуақасқызына жолдасы

**Ғабиттің**

мезгілсіз дүниеден озуына байланысты отбасына қайғырып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1321 дана. Тапсырыс 988
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

## САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2023 ЖЫЛДЫҢ ІІІ -ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| № | Қабылдау жүргізетін адамның аты- жөні | Қабылдау күндері мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Сарбие ауылдық округі әкімі Д. Бисебаев | Шілде 3, 10,13,17,20,24,27<br>Тамыз 1,4,8,11,14,17,22,25,31<br>Қыркүйек 4,8,12,15,20,25,27 | Жастар көшесі № 16 | 35-2-20 |

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕБІ

Бәсекеге қабілетті мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, олардың әдептілігі де маңызды, себебі әдептілік мемлекеттік қызметтің - басты ұстанымдарының бірі.

Мемлекеттік қызметші өз қызметінде іскерлік қасиеттері мен мінез-құлық қағидалары реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін қатаң сақтауы тиіс. Кодекске сәйкес мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды.

Әдеп кодексінің мәтіні ғимараттың көрнекі жеріне ілініп, кіре берісіне «сенім жәшігі» орнатылды. Әдеп кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мемлекеттік қызметкерлерге таныстырылып отырады.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін жағдайларына жол бермеуге, қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға, өз тарапынан қоғамдағы адамгершілікке, тәртіпке және қауіпсіздікке қол сұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтардың құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға жол бермеуге ескеріліп, үнемі назарда болады.

Әрбір мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмеу керектігін назардан шығармауы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Сондықтан олар өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін кәсіби қызметіне жұмсауға міндетті.

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің жұмысы, іс-әрекеті мен қызметтік әдебі үнемі бақылауда. Олар әдеп кодексінің талаптарын сақтап, тәртіптік теріс қылықтарға жол бермеу керек.

Бәсекеге қабілетті мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуында мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар олардың әдептілігі де маңызды.

Себебі, әдептілік – мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі.

Мемлекеттік қызметшілердің өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығын, әділдігін және ашықтығын қамтамасыз ету, өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбау, азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілікті және ресми мінез-құлық қағидаларын ұстану қажет.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта да, әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге, өзге желі пайдаланушыларымен сөйлесу кезінде сыпайылық танытуға, шындыққа сәйкес келмейтін ақпараттарды таратпауға, өзінің іс-әрекетімен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарының сақталуына жүйелі бақылау жүргізу, өз кезегінде мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға және мемлекеттік қызмет туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының және қызметтік әдеп нормаларының бұзылуының алдын алуына мүмкіндік туғызады.

Әрбір мемлекеттік қызметші алдымен халыққа қызмет етеді. Осыны естен шығармау маңызды.

**Гаухар ТАНКИЕВА,**
**Ойыл аудандық соты әкімшілігінің басшысы.**

## АҚТӨБЕДЕ 7 МЛРД. ТЕҢГЕГЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНДА БИЗНЕСМЕНДЕРДІҢ ШАҒЫМДАРЫНЫҢ СИПАТЫ АЙТЫЛЫП, ҚОРҒАУ ЖЕЛІСІ БОЙЫНША ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЖАСАЛДЫ.**




Мәселен, 6 ай ішінде өңірлік «Атамекенге» бизнесті қорғау желісі бойынша 79 өтініш келіп түсті. Оның 35-і бойынша оң шешімге қол жеткізілді, бұл 44%-ды құрады. Бұл ретте 7 млрд теңгеден астам сомаға кәсіпкерлердің мүліктік құқығы қорғалды. Қалған өтініштер шешілу үстінде.

Негізінен кәсіпкерлердің 26%-ы – энергетика саласында, 19% – сатып алу мәселелері бойынша, 16% – жер және құрылыс құқықтық қатынастары мәселелері бойынша, 14% – мемлекеттік органдарға шағымдар және сотқа қатысу бойынша көмек сұрайды. Сондай-ақ, аграрлық-өнеркәсіптік сектор, салық салудағы проблемалар өзекті болып отыр.

Жүйелі сипаттағы мәселелер кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің қарауына шығарылады.

«Сондай-ақ, біз өңірде кәсіпкерліктің дамуын тежейтін әкімшілік кедергілерді анықтау және жою бойынша белсенді жұмысты жүргізіп жатырмыз. Осы жылдың 6 айында біз 7 әкімшілік кедергіні анықтадық, оның ішінде 3 республикалық және 4 өңірлік деңгей. Агроөнеркәсіп кешені, логистика, қаржыландыру және несие беру салаларында кедергілердің ең көп саны тіркелді. Өңірлік деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптауға байланысты бағыт та өзекті болып отыр», – деп атап өтті ӨКП директоры Дана Бекбаурова.

## ЛЕПТОСПИРОЗ – СУДАН ЖҰҒАДЫ!

Спираль пішінді лептоспира деп аталатын бактерия. Ауру таратушы - яғни инфекция көзі үй жануарлары, дала және су тышқандары.

Лептоспира бактериялары - тасымалдаушы жануарлардың бүйрегінің май өзекшелерінде өсіп-өніп сақталады. Лептоспира адамдарға – әсіресе сүт өнімдері арқылы жұғады. Лептоспира жұққаннан кейін - дене қызуы алғашқыда 40-40,5 дейін көтеріледі, 3-5 минуттан соң қанға өтіп кетеді, сонан соң дене қызуы төмендеп кетеді, тәбет болмайды. Бірнеше күннен соң денеде сарғаю байқалады. Мойын, арқа, құлақ, ауыз қуысында, тілінде, ерін айналасында ойық ұшықтар пайда болады. Зәр бөлінуі - қиындайды, зәр түсі – қызғылт (шие) түске боялады. Ауру зертханалық әдіспен – қан, зәр тексеру әдістерімен анықталады. Дер кезінде емдемесе, адамдардың өліп кетуі де мүмкін. Сақтану үшін медициналық, санитар-ветеринарлық кешенді шараларды қолдану, тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Яғни, таза, сапалы ауыз суды тұтыну, мал суарылатын жерлерден ауыз су алмау керектігі ескертілді.

**А. ӨТЕПБЕРГЕНОВА,**
**Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің басшысы.**

## Құттықтау

**АҚШАТАУ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ ШОҚПАРОВ ТӨЛЕУ ҚОСАНҰЛЫН МЕРЕЙЛІ 60 ЖАСЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**



*Аса құрметті Төлеу бауырым! Асқаралы 60 жасың құтты болсын. Сен елдің, халықтың қамқоршысысың, біз сенімен мақтанамыз, сені сыйлаймыз.*

*Әйткені, сен өзіңе азаматсың, халық үшін туған жансың. Балдарыңның қызығын көріп, Райгүл келінмен «100» жаса.*

**Игі тілекпен: Ақшатаулық достарың: Мінсізбай-Лариса, Әлімжан-Дариға, Төлеу-Мейрамгүл, Нұрлы, Жұмагүл, Марабай-Жаңылсын.**

## ДІН – ҰЛТТЫҚ РУХЫМЫЗДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Әр халық ел болып ғұмыр кешуі үшін жастардың санасына ұлттық құндылықтарын сіңіріп, рухани болмысымен өмір сүруге баулиды.

Дін – қоғамдық қатынас пен күллі адам жаратылысын біріктіруге, тұтастыруға жіберілген асыл илаһи құндылық.

Адамзат баласы имандылықты өз табиғатын, әуелгі жаратылысын бұзбай, соған сай танып-біліп, сана-сезімімен қабылдағанда ғана хақиқатқа жетеді. Әрбір жанды-жансыз жаратылысты өз ерекшелігімен, қадір-қасиетімен жаратқан мейірімді Алла Тағала адамзат баласын да түрлі ұлттар мен ұлыстарға бөлген.

Жаратушы Иеміз бұл сырды «Рум» сүресінің 22-аятында: «Көктер мен жерді жаратуы, тілдеріңнің, түстеріңнің алуан түрлі болуы да – Оның белгілерінен. Күмәнсіз, бұларда білгендер үшін белгілер бар», – деп баяндаған.

**Р.ҚАДИРОВ,**
**«Жаңа-Ру» жастар коалициясы қауымдастығының президенті.**

## „ШІЛДЕДЕ" НЕГЕ ҚЫРЫҚ КҮН?




**Қазақ халқының ауа райы болжамдары**

Қазақта ай, ауа райы мен табиғат құбылыстары атауларының өзіндік мағынасы бар. Маусым айының басында үркердің мүлде көрінбей кетуін "үркердің батуы" деп атайды. Кейде үркердің жерге түсуі дейді. 24 маусымда Үркер таң ата батыстан көрінеді де, содан шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Халық жұлдызшылары "Үркер жерге түспей жер қызбайды" деген. 25 маусым мен 5 тамыз арасындағы жаздың ең ыстық қырық күнін "Ұлы шілде" деп атайды. Оның өзі кіші шілде (5 шілде-25 шілде) және үлкен шілде (25 шілде – 5 тамыз) болып екіге жіктеледі.

Шілде сөзінің түбірі парсы тіліндегі "чиһал, чиһил" сөзінен шыққан. Ол "қырық" деген сөзді білдіреді. Ал ай ортасындағы аңызақ аптап күндер "шіліңгір" деп аталады. Араб-парсы тілдеріндегі "һә" дыбысы қазақ тілінде айтылмайды. "Чиһил – чиил – шил" ретінде тілдік өзгеріске ұшырап, оған -лә, -ле, -де қосымшасы жалғанып қазақ халқының сөздік қорына "шілде" деп еніп кеткен делінеді.

Қазақ есепшілері жаздың ыстығы мен қыстың суығы қырық күндік уақыттен есептеп, "қырық күн шілде" деп атаған. Қырық күн шілде деп жаздың нағыз аспан айналып жерге түсер ыстығын айтады. Бұл халық аузында "суыр" деп те аталады. "Сұмырай" сөзі "суыр айы" деген мағынаға саяды деседі. Қазақта "Сұмырай келсе, су құриды" деген мақал бар, яғни, шіліңгір шілде басталса, құрғақшылық жайлайтынын меңзеген. Ежелгі қазақ күнтізбесі бойынша шілдені "әсет" деп те атаған. Кейбір деректерде "асад" деп қолданылады. "Асад" сөзі араб тілінде "арыстан" сөзін білдіреді. Жұлдыз белгілері бойынша "Арыстан" шоқжұлдызының атауы.Батысқазақстандықтар шілде-тамызда түзды сордың шипалы қара балшығына түсіп, ем алатын кезді "тұз айы" деп те атайды. Халық арасында тас балқытар ыстық күннің тек шілдеде болатыны да айтылып келген. "Қысқы шілдеде қу сақта, жазғы шілдеде су сақта" деген тәмсіл бар.

**Шілденің ауа райын қазақтар қалай болжаған?**

Халық даналығында аңызақ ыстық күндері табиғаттағы белгілі бір өзгерістерге қарай алдағы күннің ауа райын болжауға болады екен. Мысалы, шілденің алғашқы он күнінде:

Таңертең шөп басы құрғақ болса – түнде жаңбыр жауады;

Найзағай күркірі жаңғырып естілсе – нөсерлетеді;

Шық қалың түссе – аспан шайдай ашылады;

Таңертең өзен, көл суын тұман бауырласа – ауа райы жақсарады;

Көлмектен тұнба иіс мүңкісе, өткінші жауыннан кейін кемпірқосақ солтүстіктен оңтүстікке тартылып, қанық қызыл түске боялса – жаңбыр жауады.

**Шілденің екінші он күнінде:**

Көкек шақыруын тыймаса жаз ұзаққы созылады;

Ағаш жапырақтары сарғая бастаса – күз бен қыс ерте түседі.

**Шілденің үшінші он күнінде:**

Аптап басталады;

Жерді шық басқан «жылауық» күндер туады;

Ауа ыстық болса – келер желтоқсан суық болады;

Қымыздық бітік шықса, алдағы қыс жұмсақ болады;

Арша гүлдеген кезде шілде аяқталып, тамыз туады.

"Үркердің толғағы" шілде айының орта шенінде басталады. Бұл кезде үркер туады. Жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды. Тамыздың ортасында ауа райы салқын тартады, қою бұлт пайда болып, алғашқы күз нышаны біліне бастайды. Осы кезеңді "Таразының туыу" деп атайды "Таразы туса – таң суыр" деген мәтел содан шыққан.

Қырық күн шілде өтіп, үркер шоқ жұлдызы көкжиекке көтерілгенде аспан әлемінен қайта көрінгеннен бастап, өсімдік тамыры тереңге тартып, дәнді-дақылдар дән ала бастайды, шөп буыны бекіп, дәрілік шөптер қуаттанады. Мұндай жайылымға жайылған мал тез шелденеді. Жайылым малға жұғысты бола бастайды, өрістер шұрайлана түседі. Осыған орай туған қазақта "Күзде аққан су семіз, күз өрісіндегі мал семіз" деген тәмсіл сөз бар.

**Интернет иірімдерінен**

## ҮЕҰ ҮШІН СЫЙЛЫҚ БЕРУ КОНКУРСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ




Үкіметтік емес секторды қызметін қолдау мақсатында 2017 жылдан бастап Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі үкіметтік емес ұйымдарды сыйлықақы түрінде ынталандыру тетігін енгізді.

ҮЕҰ үшін сыйлықақы - бұл республикалық, салалық және өңірлік деңгейлердегі әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін үкіметтік емес ұйымдарға бюджет қаражаты есебінен берілетін ақшалай сыйлық.

Жылдар ішінде 341 ҮЕҰ сыйлықақы иегерлері атанды (2017 жылы – 59 ҮЕҰ, 2018 жылы – 63 ҮЕҰ, 2019 жылы – 63 ҮЕҰ, 2020 жылы – 38 ҮЕҰ, 2021 жылы-64 ҮЕҰ, 2022 жылы – 54 ҮЕҰ).

ҮЕҰ-ға арналған сыйлықақы келесі 16 маңызды сала бойынша әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін ҮЕҰ-ға беріледі («Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Заңның 5-бабына сәйкес) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000036_ ):

1) білім беру, ғылым, ақпарат, дене шынықтыру және спорт саласындағы мақсаттарға қол жеткізу;

2) азаматтардың денсаулығын сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау;

3) қоршаған ортаны қорғау;

4) жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау;

5) отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу;

6) халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарын қолдау;

7) жетім балаларға, толық емес және көп балалы отбасылардағы балаларға көмек көрсету;

8) халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

9) азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау;

10) мәдениет пен өнерді дамыту;

11) тарихи-мәдени мұраны қорғау;

12) қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайту;

13) өздерінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметіне жәрдемдесу;

14) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу;

15) азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу;

16) волонтерлік бастамаларды дамыту және қолдау.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 1 қыркүйекте (қоса алғанда) ҮЕҰ-ға арналған сыйлықақыны алуға өтінімдер қабылдауды жүргізеді (сыйлықақылар ҮЕҰ-ға арналған сыйлықтарды беру қағидалары негізінде беріледі https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017041 ).

Конкурсқа қатысуға жіберіледі:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген ҮЕҰ;
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтерді уақтылы ұсынған ҮЕҰ;
- Соңғы үш жылда сыйлық иегерлері болып табылмайтын ҮЕҰ.

Конкурсқа қатысуға жіберілмейді:

- үкіметтік емес ұйымның филиалдары немесе өкілдіктері;
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҮЕҰ Дерекқорына мәліметтерді не уақтылы ұсынбаған ҮЕҰ;
- Соңғы 3 (үш) жыл ішінде сыйлықақы алған ҮЕҰ.

**Сыйлықақыға қатысу үшін құжаттар тізбесі мыналарды қамтиды:**

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы беру конкурсына қатысуға өтініш;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыйлықақыға үміткердің сауалнамасы;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыйлықақыға үміткердің қызметі туралы сипаттама (растайтын материалдармен бірге);

4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде ұсынылған бағыт бойынша іске асырылған жобаларды және бірлескен жұмыс барысында қол жеткізілген нәтижелерді растау мақсатында байланыс деректері көрсетілген, өтінім берген үкіметтік емес ұйымның қызметі туралы қоғамдастық (үкіметтік емес ұйымдар), мемлекеттік органдар өкілдерінің ұсынымдары (екіден кем емес);

5) марапаттау дипломдарының, грамоталарының, алғыс хаттардың көшірмелері (болған жағдайда);

6) үміткердің немесе үміткер туралы мақалалардың, жарияланымдардың көшірмелері (болған жағдайда);

7) құрылтай құжаттарының көшірмелерін.

**Ескерту:** төменде сыйлықақыға өтінім беруге арналған құжаттамалардың нысандары қоса беріледі. Сыйлықақы алуға ҮЕҰ өтінімдері ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне 1 шілдеден 1 қыркүйекке дейін қоса алғанда (Астана қаласы уақытымен сағ 18:30-ға дейін) ueu_syilygy@qogam.gov.kz (PDF форматында) электрондық мекенжай арқылы жолданады немесе қағаз және электрондық тасығыштарда (CD-дискілерде немесе USB-флэш-жинақтаушыларда DOC, DOCX, PDF форматында) қолма-қол Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, «Министрліктер үйі», 14-кіреберіс мекенжай бойынша жолдауға болады.

ҮЕҰ-дан өтінімдер екі кезеңде қаралады:

- бірінші кезеңде сараптамалық қоғамдастық, ҮЕҰ өкілдерінен тұратын жұмыс тобы тиісті бағыттар бойынша сыйлықақы алуға ізденушілердің өтінімдерін зерделейді және бағалайды;
- өтінімнің екінші кезеңінде Комиссия жұмыс тобының бағалары негізінде шешім қабылдайды.

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады: 8 (7172) 74-09-97, 74-05-11, 74-02-17.

**Ескерту!**

**Өтінімді ueu_syilygy@qogam.gov.kz. электрондық мекенжайға жолдаған жағдайда техникалық ақаулары болдырмау мақсатында жоғарыда көрсетілген нөмірлер бойынша міндетті түрде бізге хабарласуды сұраймыз.**